

АЖҚТӨБЕ

ОБЛАСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ



КИЕНІҢ ОРАЛУЫ

Сенбі күні Жиренқопада Қобыланды батырдың сүйегі қайта жерленеді

Ертай АШЫҚБАЕВ,
«Ақтөбе»

Бұл — өзімізден бұрынғыларды айыпқа жығу да емес, бүгінгілердің алдында тағы да бір рет ақталу да емес, оқу-тоқуымыз өркендеп, білімімізді оқу-білім бар елдерге (Ы. Алтынсарин) үлгісімен білгендер көзге қолымыз жеткен шақта, қоғамдағы саяси желбуаздық кесірінен өз жәдігерлерімізден өзіміз үркіп тұратын дертке іліктік.

Әйтпесе Қобда, Жиренқопа, Жиренкөл, Бесоба, Ешкіқырған... тәрізді құлақсіңісті атаулармен өдіптелген, Қобыландының қылыш қайраған Қайрақтасын күні кешеге дейін өңгіме етіп келген, сол өңірдің үстін айналып жүретін құртқаның бұлты туралы аңыз ағылғасып келе жатқан «Қара қыпшақ Қобыланды» жырының негізін түптөмейтін жөніміз жоқ еді. Ғалымдардың (мысалы, филология ғылымының кандидаты Абат Пангереев) айтуынша, бізге 29 нұсқасы жеткен Қобыланды батыр туралы жырдың қай-қайсысы да осы атаулармен өрнектелгенін көре тұра, оны (жырды) қалың жұртқа мектеп оқулығы дәрежесінен әрі пайымдатудың үлкен жөнімізді іздемеппіз.

Рас, өткен ғасырдың алпысыншы жылдары өуеской антрополог Ноэль Шаяхметов сол Қобыландының зиратын ел-жұрттан сұрастырып тауып, сүйегін қазып алған. Өкінішке қарай, не өзіміздің интернационал ауылдан, не астаналық игі жақсылардан жылы қабақ танытылмады да, онсыз да кәсіби археологтардың бақылауынсыз басталған шаруа, тез сөніп қалды.

Одан беріде... Әбіш Кекілбаев баның басына арнайы келіп төуіп кетіпті.

Ресми емес сапармен жүрген кезінде сол аты мәлім ауылға өдейі барған Иманғали Тасмағам

бетов ауылдың бір өсті азаматына өз қалтасынан қаржы беріп, батырдың мүрдесі жатқан аумақты темір қоршаумен қоршап, басына тас қоюды өтінген. Солай жасалыпты. Сол кездегі облыс әкімі Аслан Мусин осы зиратқа қатысты мәселелерді қаузаған...

Облыс тізгінін алған Елеусін Сағындықовты, Күлтегін мәтінінше айтсақ, «күндіз отырғызбай, түнде жатқызбай» жүрген мәселенің бірі осы еді. Рас, Қобыланды зиратын сол Жиренқопадағы ақсақалдардың бәтихасын алып, жергілікті тарихшылардың рұқсатымен қайта түзеудің де қиындығы жоқ-ты.

Бірақ, өзінің өзің екеніңе күәлік қағазсыз өзің сене алмайтын мына заманда мұндай шаруаға мәдениетті жұрт ғылыми тұжырымсыз аяғын аттап баспайды. Алматыда тұратын, қазақтың ұланғайыр территориясын енінен де, келденөңінен де талай шарлап шыққан ғалымдарға жүгінуіміздің себебі сол еді.

Әкелі-балалы кәсіби антропологтар Оразақ және Айнагүл Исмағұловтар Ноэль ақсақалдың қазып алған сүйектерін қайта зерттеді (бұл, жұрт ойлағандай, сүйектерді аударып-төңкеріп қарап шыға салатын бірер күндік іс емес, лабораториялық ұзақ зерттеулерге толы қиямет шаруа). Қобыланды зираты мен зират жатқан территория қайта тексерілді. Өткен жылы сәуір айында Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінде өткен «Қобыланды батыр тұлғасын археологиялық, антропологиялық және тарихи-этнографиялық тұрғыда зерттеудің өзекті мәселелері» деп аталатын республикалық ғылыми-практикалық конференция сол тұрғыда атқарылған шаруаларды тиянақтаудың бір тіні болды. Конференцияда жерлестерімізбен бірге Мемлекеттік Орталық музейдің антропология лабораториясының меңгерушісі, тарих ғылымының докторы, академик Оразақ Исмағұлов, Ә. Марғұлан атындағы археология және этнография институты директорының орынбасары, тарих ғылымының кандидаты, археолог Жұман Смайылов, Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының бөлім меңгерушісі, тарих ғылымының докторы, профессор Серік Әжіғали, академик, медицина ғылымының докторы Сайым Балмұханов, Мемлекеттік Орталық музейдің қызметкері, антрополог Айнагүл Исмағұлова, т.б. Қобыланды тұлғасы мен оның зираты туралы бәтуалы сөздер айтты.

Одан беріде... Қобыландының бас сүйегі Мәскеудегі Михаил Герасимов лабораториясында қайтадан қалпына келтіріліп, мүсіншілер соған қарап, батырдың бас мүсінін жасап шықты. Биыл мамыр айында облысымызда өткен «Еуразия тарихы мен мәдениеті аясындағы Арал-Каспий аймағы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция кезінде антрополог Айнагүл Исмағұлова сол мүсінді облыстық тарихи-өлкетану музейіне табыстады.

Енді, міне, алдағы сенбіде, 26 тамыз күні Қобда ауданының Жиренқопа елді мекенінде Қобыланды батырдың сүйегін қайта жерлеу және оның өсімін ұлықтау рәсімі өткізілгелі отыр.

Облыстық мәдениет басқармасы қағазға түсіріп қойған бұл халықтық жиынның сценарийін баяндап шығудың қажеті болмас деген ойдамыз. Бұл ретте Т. Ахтанов атындағы облыстық қазақ драма театрының бас режиссері Мағзом Бақытжановтың бір ауыз ләбізі де біраз жайды аңғартатын секілді.

— Биыл театрымыздың 15 жылдығы ғой. 15-ші маусымды Мұхтар Әуезовтің «Қобыланды батыр» спектаклімен ашқалы отырмыз, — деді ол. — Ал сенбі күні Жиренқопада өтетін рәсімге келсек, бұл күні жұртшылық Қобыландымен қатар

тағы да жеті батырды еске түсіреді. Олар: Қобыланды тәрізді жырға айналған тұлғалар — Алпамыс, Ер Тарғын, Қамбар батыр, Қара Дөң, бертіндегі — Тама Есет батыр Көкіұлы, Исатай мен Махамбет. Міне, осы жеті батырды сомдап, театрландырылған көрініс ұсынбақпыз. Аруақ қолдасын!

Қобыланды батырды ұлықтау рәсіміне Астана мен Алматыдан, көрші облыстардан қонақтар шақырылды. Тізімді Мәскеудегі сексен жасан асқан құрметті ақсақал Ноэль Шаяхметов бастап тұр. Қара қыпшақ тұқымы, қызылордалық Қайролла Қорғанбек ақсақалдың орны бір бөлек. Оразақ Исмағұлов, Серік Әжіғали, Сайым Балмұханов, Айнагүл Исмағұлова тәрізді ғалымдарға да хабар ерте жеткен.

...Күлтегін ескерткішінің көшірмесі Астанаға әкелінді, Абат-Байтақ кесенесі жаңартылуда, Әбілқайыр ханның сүйегі жатқан Хан моласы зерттелуде. Енді, міне, Қобыланды батырдың сүйегі қайта жерленіп, үнемі төу етудің ұлы үлгісі жасалып, зират басына «Бұл жерде қазақ халқының мәңгілік өрлік еңегіне айналған, ортағасырлық Антын Орда, Ноғай ордасы дәуірінің аса көрнекті тұлғасы Қара қыпшақ Қобыланды батырдың асыл сүйегі жатыр» деген жазуы бар тас белгі қойылмақшы.

Бұл — тарихты зерделеудің жанды мысалы ғана емес.

Бұл — қазіргі еуропалана бастаған ұрпағымыз Жерді саудаға саларда, осы Қобыландылар (Есеттер, Бөкөнбайлар, Алтайлар) қай Жер, қай Ел үшін күрескенін еске салып отырудың да көрнекті үлгісі. Бұл — облыс әкімі Елеусін Сағындықов пен облыстағы зиялы қауымның ата жұртты асқақтау жолында атқарып жатқан басты істерінің бір еңегісі.